

ӘОЖ 87/35

**«ГҮЛДЕР ХАНШАЙЫМЫ» ЕРТЕГІСІНДЕГІ РЕАЛИЯЛАР МЕН ЖАЛҚЫ
ЕСІМДЕРДІҢ АУДАРЫЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Бейбітова Айдана

beibitova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің
аударма теориясы және практикасы кафедрасының
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ертегі — баршамызға балалық шақтан белгілі әдебиет туындысы. Ертегіге қатысты зерттеушілер әр түрлі пікір білдіреді. Кейбір ғалымдардың айтуынша, ертегі дегеніміз шынайы өмірдегі құбылыстарға еш қатысы жоқ қиял, ал екінші тарап ертегілердің үлгі-өнеге, тәрбие беруде атқарар маңызы зор дейді. Белгілі ғалым, ертегілерді зерттеуші А.Н. Афанасьев: «Халық ертегісі — ойдан шығаруға негізделген шытырман немесе тұрмыстық сипаттағы көбінесе прозалық, қиял-ғажайып, эпикалық ауызша көркем туынды». Халық арасында ең көп таралғаны — қиял-ғажайып ертегілер. Ертегілерден халықтың мәдениетін, тілін, танымын байқауға болады [1, 13 б.].

Ертегінің мақсаты — тыңдаушыға ғибрат ұсынумен бірге эстетикалық ләззат беру. Ертегінің атқаратын қызметі кең: ол әрі тәрбиелік, әрі көркем-эстетик. әдеби қазына. ертегінің бүкіл жанрлық ерекшелігі осы екі сипатынан көрінеді. Сондықтан ертегілік прозаның басты міндеті — сюжетті барынша тартымды етіп, көркемдеп, әрлеп баяндау. Демек ертегі шындыққа бағытталмайды, ал ертектің әңгімесін өмірде болған деп дәлелдеуге тырыспайды. Ертегінің композициясы бас қаһарманды дәріптеуге бағындырылады, сөйтіп, ол белгілі бір сұлба бойынша құрылады. Мұның бәрі ертегіге идеялық, мазмұндық және көркемдік тұтастық береді. Осы тұтастық бұл жанрға басқа да қасиеттер дарытады: композиция мен эстетикалық мұраттың бірлігі әрі тұрақтылығы, көркем шарттылықтың міндеттілігі, ауызекі сөйлеу тіліне сәйкестігі, тұрақты тіркестердің қолданылуы, т.б. [2].

Ертегіде қиял мақсатты түрде пайдаланылады, сондықтан ол әсіреленіп, ғажайыпқа айналады және біршама өзінше дамып отырады. ертегідегі ғажайып қиял адамның күнделікті

көріп жүрген заттары мен құбылыстарын саналы түрде басқаша етіп көрсетеді, өйткені бұл жанрда ғажайыптың көркем бейнелеуіш құрал ретінде қолданылады. Өмірдегі шынайы нәрсенің өзін әдейі өзгертіп көрсету – ертегінің өзіндік қасиеті болғандықтан, ертекті де оның мазмұнын барынша әсірелеуге, ғажайыпты етуге күш салады. Сонымен бірге ертегідегі оқиғалар мен іс-әрекеттердің қаншалықты әсерлі болуы ертектің ғана емес, сондай-ақ тыңдаушыға да, ертегінің айтылу жағдайына да байланысты. Ертегіде қиял мен ғажайып әрі идеялық та мақсатта қолданылады, себебі классик.

Ертегілердің аударылу мәселесіне келетін болсақ, қазақ ертегілерінде тіркестер, реалиялар, прецедентті есімдер көптеп кездеседі. Реалия – практикалық түрде басқа тілде сөйлейтін адамдардың өмірінде болмайтын ұғым. Аудармада үлкен қиыншылықты реалия сөздер туғызады. Өйткені аудармашыларда олардың нақты аудармасы бола болмайды. Сонда, олар реалия сөздерді қалай, қандай тәсілмен аудару қажет екенін ойлауға мәжбүр болады. Жоғарыда айтылғандай реалия сөздер эквивалентсіз лексика тобына жатады. Яғни, аудару тілінде, басқа халықтың сөздігінде реалия сөздердің дәл аудармасы жоқ. Алайда, қатынас деңгейінде реалия сөздерді аудару үшін тілдік тәсілдер бар.

Реалия сөздерді жеткізу негізінен аудармашының аялық біліміне байланысты. Бұл жалпы адамзаттық мәдени-тарихи (кең мағынада) және белгілі бір ұлттық-тілдік қоғамның ұлттық мәдениеттің бөлігін құрайды.

Нұрсұлу Шаймерденованың туындысы «Гүлдер ханшайымы» ертегісі балаларды қоршаған ортаның сұлулығын байқауға, Отанды сүйуге, бауырмал және мейірімді болуға шақыратын ертегі қызғалдақтардың пайда болуы туралы. Бұл ертегіде кездесетін реалиялар: «Сүйінші», «той», «ақ жол» ағылшын тіліне транслитерация тәсілімен берілген, яғни «Сүйінші – *Suyunshi! Glad Things*»[3, 42 б.], «той – *toi - wedding*»[3, 52 б.], «ақ жол – *shining path*»[3, 52 б.]. Орыс тілді түпнұсқада қазақ тіліндегі реалияларды қолдануы автордың қазақ тілімен, қазақ мәдениетімен, дәстүрімен жақсы таныс екендігін білдіреді. Сол себепті автор реалиялардың жанына қысқаша түсіндірмесін бере кеткен. Аудармашы ағылшын тіліне аудару барысында қысқарту немесе түсіру тәсілінсіз реалияларды толық беруі оқырманға мазмұнның толық жетуіне ықпал еткен.

Транслитерация тәсілі арқылы жалқы есімдер де аударылған: «Аллах – *Allah*», «Кунжан – *Kunzhan*», «Тунжан – *Tunzhan*», «Шымкент – *Chimkent*», «Созак – *Suzak*».

Бұл ертегі орыс тілінен он тілге аударылған, дәл осы он нұсқаны оқу барысында түпнұсқаны оқыған кездегі әсер алу маңызды. Жалпы, аударма үдерісі, оның ішінде жеке реалияларды, прецеденттік есімдерді аударылуы сәтті шыққан. «Гүлдер ханшайымын» өзге тілде оқу барысында автордың жеткізгісі келген ойын, үлгі-өнегесін, тәрбиесін оқырман өз бойына сіңіре алады деген ойдамын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Афанасьев А.Н. Народные русские сказки. – Москва: Государственное издательство художественной литературы, 1957.
2. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл. ISBN 9965-26-096-6
3. Шаймерденова Н. Принцесса цветов. – Алматы: «Полиграфкомбинат» ЖШС, 2015, - 182 б.